

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрлігі
Фармация комитеті Төрағасының
2017 жылғы “24” 05
№ N008384 бұйрығымен
БЕКІТІЛГЕН

**Дәрілік затты медициналық қолдану
жөніндегі нұсқаулық
БЕПАНТЕН®**

Саудалық атауы
Бепантен®

Халықаралық патенттелмеген атауы
Декспантенол

Дәрілік түрі
Сыртқа қолдануға арналған 5% крем

Құрамы

1 г кремнің құрамында:

белсенді зат: 50 мг декспантенол;

қосымша заттар: DL-пантолактон, феноксиэтанол, амфизол К, цетил спирті, стеарил спирті, ланолин, изопропил миристаты, пропиленгликоль, тазартылған су.

Сипаттамасы

Жұмсақ, тұтқыр, гомогенді, өзіне тән әлсіз иісі бар, ақтан бозғылт-сарғыш-ақ түсті күңгірт крем.

Фармакотерапиялық тобы

Асқын тыртықтануды емдеуге арналған басқа препараттар. Декспантенол.
АТХ коды D03AX03

Фармакологиялық қасиеттері

Фармакокинетикасы

Декспантенол теріге тез сіңеді. Декспантенол пантотен қышқылына айналады және дәруменнің эндогендік резервін толықтырады. Қанда пантотен қышқылы плазма ақуыздарымен байланысады; өзгермеген күйде – 60-70%-ы несеппен, қалған бөлігі АІЖ арқылы шығарылады.

Фармакодинамикасы

Декспантенол Бепантеннің белсенді компоненті болып табылады, жасушаларда пантотен қышқылына жылдам өзгереді. Пантотен қышқылы – эссенциялық А коэнзимінің компоненті. А ацетилкоэнзимі түрінде жасуша метаболизмінде маңызды рөл атқарады және тері мен шырышты қабық регенерациясын жақсартады.

Қолданылуы

- ұсақ зақымданулар, жарылулар, сыдырулар, тері тітіркенулері, жаялықтан болған эритема, жеңіл күйіктер, созылмалы ойық жаралар, тесілулер, теріні ауыстырып салу және жатыр мойны эрозиялары кезінде терінің жазылу үдерісін тездету (белсендіру) үшін
- емшектегі балаларда базданудың профилактикасы және емдеуде
- емізу кезеңіндегі сүт бездері күтімі: емшек ұшының «құрғақтығын» және жарылуын емдеуде
- тері жабындары бүтіндігі бұзылған кезде, оның ішінде кортикостероидты препараттарды пайдаланғанда тері құрғауының профилактикасы мен емдеуде

Қолдану тәсілі мен дозалары

Кремді қажеттілігіне қарай күніне бір немесе бірнеше рет алдын ала тазартылған жараға немесе терінің қабынған бөліктеріне жұқалап жағып, жеңіл ысқылайды. Қажет болған жағдайда таңғышты пайдалануға болады.

Емдеу ұзақтығы көрсетілімдері мен емдеу тиімділігіне байланысты.

Емшекпен қоректендіргенде жақпамайды емшек ұшына әрбір емізуден кейін жағу керек.

Жатыр мойны шыршының зақымдануын емдеген кезде дәрігердің тағайындауына сәйкес күніне бір немесе одан көбірек жағу керек.

Жағымсыз әсері

- аллергиялық дерматит
- жанаспалы дерматит, қышыну, қызару
- экзема, бөртпе, есекжем
- терінің тітіркенуі және күлдіреуіктің пайда болуы.

Қолдануға болмайтын жағдайлар

- препарат компоненттеріне жекелей жоғары сезімталдық

Дәрілермен өзара әрекеттесуі

Басқа препараттармен өзара әрекеттесу жағдайлары белгісіз.

Айрықша нұсқаулар

Кремді көзге тигізіп алмау керек.

Жүктілік пен емшек емізу кезеңі

Жүктілік кезінде препаратты дәрігердің тағайындауы бойынша пайдаланған жөн.

Емшек ұшының жарылуын емдеген кезде емізер алдында препаратты жуып тастау керек.

Дәрілік заттың көлік құралдарын және қауіптілігі зор механизмдерді басқару қабілетіне әсер ету ерекшеліктері

Бепантен көлік құралдарын және басқа механизмдерді басқару қабілетіне әсер етпейді.

Артық дозалануы

Артық дозалану жағдайлары белгісіз.

Шығарылу түрі мен қаптамасы

30 г препаратты алюминий сықпаға салады. 1 сықпадан медициналық қолдану жөніндегі мемлекеттік және орыс тіліндегі нұсқаулықпен картон қорапшаға салады.

Сақтау шарттары

25 ° С-ден аспайтын температурада сақтау керек.

Балалардың қолы жетпейтін жерде сақтау керек!

Сақтау мерзімі

3 жыл

Қаптамасында көрсетілген жарамдылық мерзімі өткеннен кейін препаратты пайдалануға болмайды.

Дәріханалардан босатылу шарттары

Рецептсіз

Өндіруші ұйымның атауы мен елі

ГП Гренцах Продукционс ГмбХ, Германия

Тіркеу куәлігі ұстаушысының атауы мен елі

Байер Консьюмер Кэр АГ, Швейцария

Қазақстан Республикасы аумағында тұтынушылардан дәрілік заттың сапасына қатысты шағымдарды (ұсыныстарды) қабылдайтын және дәрілік заттың тіркеуден кейінгі қауіпсіздігін қадағалауға жауапты ұйымның мекенжайы:

«Байер КАЗ» ЖШС,

Тимирязев к-сі, 42, Экспо-Сити бизнес орталығы, 15 пав.

050057 Алматы, Қазақстан Республикасы

Тел.: +7 701 715 78 46 – тәулік бойы

Тел.: +7 727 258 80 40 (106) – жұмыс уақытында

Факс: +7 727 244 70 01

e-mail: kz.claims@bayer.com

